

ЖИ мен МӘТІН

6-БЕТ | САРАПТАМА



БЕСТЕМШЕ ОЙНАП ЖАРЫСТЫ

8-БЕТ | СПОРТ

“” Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

«Таза Қазақстан» ұлттық идеологиямыздың ажырамас бөлігіне айналды. Тазалық халқымыздың адал ниеті мен таза пейілінен басталады. Бұл – ең алдымен, көшелерді, үйлерді таза, ұқыпты ұстау деген сөз. Таза Қазақстан әдемі ұран да, науқан да емес, бұл – күнделікті қажырлы еңбектің нәтижесі. Тазалық тәртіпті күшейтеді, ал тәртіп жауапкершілікті арттырады. Осы маңызды тұжырымды ұрпақтың санасына сіңіру өте маңызды. Біз сонда ғана нағыз өркениетті және ілгері қадам басушы озық ел боламыз.

№43
(4941)
Сейсенбі
14 сәуір
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

Сұлтан СЕЙІТ

Астанада «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы аясында «Таза қала» ұранымен абаттандыруға бағытталған ауқымды тазалық айлығы басталды. Сенбі күні өткен экологиялық акцияға 30 мыңға жуық адам, 2 239 кәсіпорын мен ұйым қатысты. Бір күнде қала аумағынан 100 тонна қоқыс шығарылды.

4-5



«ТАЗА ҚАЛА» – ЕЛОРДАНЫҢ ҰРАНЫ

МАМЫРДА – 14 КҮН ДЕМАЛЫС

Мамыр – шын мәнінде мереке айы. Биыл мамыр айында 14 күн демалыс болайын деп тұр.

2026 жылғы мамыр айында қазақстандықтар бірқатар мерекелерді атап өтеді.

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні. Биыл бұл күн жұмаға сәйкес келеді. Бес күндік жұмыс аптасы бар азаматтар 1-3 мамыр аралығында (жұма, сенбі, жексенбі) үш күн қатарынан демалады.

7 мамыр – Отан қорғаушылар күні. Бұл күн бейсенбіге түсіп, бір күн демалыс беріледі.

9 мамыр – Жеңіс күні. Бұл мерекеде демалыс үш күнге созылады: 9-11 мамыр (сенбі, жексенбі, дүйсенбі). Сенбідегі демалыс күні дүйсенбіге ауыстырылады.

Сонымен қатар, 27 мамыр – Құрбан айт мерекесіне орай қосымша демалыс күні беріледі (сәрсенбі).

Осылайша, 2026 жылғы мамыр айында қазақстандықтар: бес күндік жұмыс аптасында – 14 күн, алты күндік жұмыс аптасында – 12 күн демалады.

ҚАЛАНЫ БЕЗЕНДІРУГЕ ҮЛЕС ҚОСЫҢЫЗ

Елорданың Сарайшық ауданы әкімдігі көпшілік орындарды безендіруге ауданның ең әсем, ерекше сәтін бейнелейтін суреттерді қабылдай бастады, деп хабарлайды Elordainfo.kz.

«Елорданың дамуына өз үлесіңізді қосып, қала келбетінде өз ізіңізді қалдырыңыз. Сіз шығармашылықпен айналысып, фотосуреттер арқылы қала сұлулығын көрсеткіңіз келе ме? Ендеше осы мүмкіндік – сіз үшін! Сарайшық ауданындағы LED экрандарды, аялдамаларды және т.б. орындарды безендіру үшін ауданымыздың ең әсем, ерекше сәттерін бейнелейтін фотосуреттер (кәсіби камера, дрон және т.б.) қабылданады» делінген ұсыныста.

Үздік жұмыстар іріктеліп, авторлығы белгіленген түрде орналастырылады. Сурет тек жоғары сапада (жоғары ажыратымдылықта) болуы тиіс, оны Telegram парақшасына жолдау керек. Қабылдау мерзімі – 7-30 сәуір аралығы.



МЕКТЕП КЕШІНЕ ҚАРАЖАТ ЖИНАЛМАЙДЫ

Оқу-ағарту және Ішкі істер министрліктері жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп орта білім беру ұйымдарында мектеп бітіру кештерін өткізуге байланысты талаптарды нақтылады.

Биыл аттестаттарды табыстау рәсімі тек білім беру ұйымдарының ғимараттарында ұйымдастырылады.

«Білім алушылардан, олардың ата-аналарынан немесе заңды өкілдерінен қаражат және өзге де материалдық құндылықтарды жинауға қатаң тыйым салынады. Белгіленген талаптарға сәйкес, бітіру кештерін білім беру ұйымдарынан тыс жерлерде ұйымдастыруға жол берілмейді. Жергілікті атқарушы органдарға қаржылық шығындарды талап етпейтін тәрбиелік және мәдени-ағартушылық іс-шараларды ұйымдастыру және түсіндіру жұмыстарын жүргізу тапсырылды» делінген Оқу-ағарту министрлігінің хабарламасында.

№43 (4941) 14/04/2026 Сейсенбі



ОДАҚТАСТЫҚТЫҢ МЫЗҒЫМАС ІРГЕТАСЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстанға жұмыс сапарымен барды. Бұхара қаласының әуежайында мәртебелі мейманды Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев қарсы алды. Салтанатты қарсы алу рәсімінде Қазақстан Президентінің құрметіне ұлттық ән мен би орындалды. Мемлекеттер басшылары бейресми кездесу өткізіп, шаһардағы бірқатар тарихи және өнеркәсіп нысанын аралады.

БАХАУДДИН НАҚЫШБАНДИ МЕМОРИАЛДЫҚ КЕШЕНІНЕ БАРДЫ

Қазақстан Президентінің Өзбекстанға жұмыс сапары Бұхарадағы Бахауддин Нақышбанди кесенесіне зиярат етуден басталды. Мемлекеттер басшылары медресе, екі мешіт пен мұнарадан тұратын мемориалдық кешенді аралап көрді. Зиярат барысында Құран оқылып, бауырлас халықтарға бейбіт өмір мен бақ-береке тілеп, дұға жасалды. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мирзиёев мемориалдық кешенге келушілермен жылы рәуіште әңгімелесіп, суретке түсті. Нақышбандия тариқатының негізін салушы Бахауддиин Нақышбандидің кесенесі XVI ғасырда салынған. Ескерткіш жанындағы музейде XIX ғасырдағы Құран қолжазбасы, тарихи құжаттар, кітаптар мен басқа да құнды жәдігерлер сақталған.

БЕЙРЕСМИ КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ

Мемлекеттер басшылары бейресми кездесу өткізді. Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Шавкат Мирзиёевке қонақжайлықпен қарсы алып, бүгінгі бейресми кездесуді ұйымдастырғаны үшін ризашылығын білдірді. «Шын мәнінде, қазіргі геосаяси құбылмалы жағдайды ескерсек, бұл сапарымды өте маңызды деп айтсақ, қате болмас. Өзбек елі – Қазақстан үшін сенімді стратегиялық серіктес. Біз осы сапар барысында өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасамыз. Күн тәртібінде екіжақты қарым-қатынасымыз бойынша бірқатар аса маңызды мәселе бар. Алайда біздің арамызда ешқандай түсінбеушілік я болмаса кедергі жоқ. Қол қойылған жобалар, жоспарлар бірте-бірте орындалуда. Біздің Үкімет барлық келісімдерді бұлжытпай іске асыру міндетін жақсы түсініп отыр. Менің бақылауыммен тиісті жұмысты атқарып жатыр» деді Мемлекет басшысы.

Президент 2,5 мың жылдан аса тарихы бар киелі Бұхара шаһары әлемдік тарихи-мәдени мұраның ажырамас бөлігі саналатынын атап өтті. «Бұхара – Шығыстың орта ғасырлардағы рухани әрі зияткерлік орталықтарының бірі. Бұл көне шаһар мен қазақ халқының арасында белгілі-белгісіз байланыстар көп. Қазақтың әйгілі ойшылы Мәшһүр Жүсіп Бұхарада ілім жиған. Ғасырлар бойы қазақтың көптеген зиялылары Бұхарада білім алып, жергілікті медреселерде оқыған. Мұнда адамзаттың өркендеуіне айрықша әсер еткен кезеңдер мен ұлы өркениеттің тынысын сезінесіз. Бүгінде Бұхара өзінің мыңжылдық дәстүрі мен Жаңа Өзбекстанның қарқынды дамуын үйлестіріп отыр. Қазіргі Бұхараны тамашалап, барлық ғимаратқа жаппай ауқымды жаңғырту жұмыстары жүргізілгеніне куә болдық. Бұл – өте үлкен істің нәтижесі, ең бастысы, ұлы тарихи мұраға мемлекет тарапынан жасалған қамқорлықтың көрінісі» деді Мемлекет басшысы.

Президент тарихи тығыз байланыстар Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы шынайы стратегиялық серіктестік пен одақтастықтың мызғымас іргетасы екенін еске салды. «Екіжақты қарым-қатынасымыздың бұрын-соңды болмаған жоғары деңгейге көтерілуіне, құрметті Шавкат Миромонович, Сіздің қосқан үлесіңіз зор. Қазақстан ең жақын көрші әрі одақтас ел ретінде Сіздің парасатты басшылығыңызбен жүргізіліп жатқан ауқымды саяси және экономикалық өзгерістерді толық қолдайды. Өзіңіз белгілеген стратегиялық бағдар арқылы халқыңыздың әл-ауқаты ұдайы жақсарып, ірі инфрақұрылымдық және әлеуметтік жобалар іске асырылуда. Бұл жетекші қаржы институттарының рейтингінде оң бағаланып, еліңіздің халықаралық аренадағы беделі артып келеді. Сіздің ұлттық мүддені көздейтін дәйекті саясатыңыз Өзбекстанның, сондай-ақ тұтас аймақтың одан әрі өсіп-өркендеуіне ықпал етеді деп сенемін» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Қазақстанда жаңа Конституция қабылдануына байланысты Өзбекстан көшбасшысының құттықтау жолдағанына алғыс айтты. Президент осы тарихи оқиға кезінде шет мемлекеттер басшылары арасынан Шавкат Мирзиёев алғашқы болып құттықтағанын жеткізді. Мемлекет басшысы Өзбекстан Президентінің «Таза ауа» бастамасына қолдау білдіріп, бұл жоба Қазақстанның ірі қалалары үшін де өзекті екеніне тоқталды. «Сіздің таза ауаға қатысты бастамаңызды құптаймын. Ташкенттегі экологиялық жағдайға алаңдаушылық білдіруіңізді түсінемін. Біздің Алматы қаласындағы ахуал да тым күрделі. Өкінішке қарай, Алматы әлемдегі ауасы ластанған ірі қалалар қатарында тұр. Сондықтан шұғыл шаралар қабылдау қажет. Егер Сіз қарсы болмасаңыз, «Таза ауа» бастамасын бірлесіп іске асыруды ұсынамыз. Президенттер ұйытқы болған бұл жобаны үкіметтеріміз жүзеге асырады. Жұртшылық пен халықаралық қоғамдастық мұны қуаттайды деп санаймын. Шын мәнінде, бұл бастама аясында көп іс атқаруға болады. Осы арқылы жергілікті билік пен кәсіпкерлер экологияны қорғауда, табиғатты аялауда жауапкершілік жүгін жете сезінеді» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өзбекстан Президенті Бұхарадағы бүгінгі жүздесудің екі ел арасындағы сан қырлы байланыстарды кеңейтуде маңызы зор деп пайымдайды. «Сіздің бұл сапарыңыз ғасырлардан тамыр тартатын қос халық арасындағы достықты, тығыз бауырластықты көрсетеді, сондай-ақ стратегиялық серіктестік пен одақтастық қарым-қатынастың ұдайы нығайып келе жатқанына дәлел. Ашық әрі риясыз келіссөздер ынтымақтастығымыздың мазмұнын байыта түсіп, нақты нәтижелерге қол жеткізуге, өңірдегі өзара ықпалдастық аясын одан әрі кеңейтуге негіз болатынына сенімдімін» деді Шавкат Мирзиёев. Ол өзбек халқының ең жақын көрші және одақтас ретінде Қасым-Жомарт Тоқаевтың Әділетті Қазақстан құру жолындағы тиімді реформаларына шынайы қолдау білдіретінін жеткізді. «Әлемдегі күрделі ахуалға қарамастан, еліңіздің экономика көлемі 300 миллиард доллардан асты. Шикізаттық емес сектор жандаңып, ішкі жалпы өнімде шағын және орта кәсіпкерліктің үлес салмағы 40 пайызға жуықтады. Сіз мемлекетті цифрландыру ісіне ерекше мән бересіз. Биыл Қазақстанда Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жарияладыңыз. Еліңіздің жаһандық кеңістіктегі абыройы артып келеді. Сіздің басшылығыңызбен Қазақстан халқының мүддесіне негізделген көпвекторлы сыртқы саясат табысты жүзеге асырылып жатыр. Сіз көтерген халықаралық бастамалар кеңінен қолдау тауып отыр. Бұл Сіздің аймақтық және әлемдік проблемаларды шешу ісіндегі көрнекті саяси қайраткер екеніңізді көрсетеді. National Interest басылымына жарияланған мақалаңызды ерекше ықыласпен оқыдым. Қазіргі халықаралық ахуалда прагматизмнің, ашықтықтың және шынайылықтың рөлі артты деген ойыңызбен толық келісемін. Экономикалық жаңғыру мәселесіне терең үңілетініңізді атап өткім келеді. Инвестиция мен орнықты даму реформаларын ұштастыруды жекелеген бастама ретінде қарастырмай, тұтас стратегияға айналдырдыңыз. Мұны ерекше бағалаймын. Біз Сіздің бауырлас халықтар арасындағы тату көршілік қарым-қатынасты, стратегиялық серіктестік пен одақтастықты нығайтуға қосқан үлесіңізді айрықша қадірлейміз» деді Өзбекстан Президенті.



Кездесуде тараптар экономикалық серіктестікті кеңейту жөніндегі стратегиялық бағытты ұстанатынын растады. Сауда мен өндіріс салаларында нақты көрсеткіштерге қол жеткізу үшін екі ел үкіметтерінің ықпалдастығын арттыру туралы келісім жасалды. Іскер ортаны жүйелі түрде қолдау мен ынталандырудың маңызы атап өтілді. Мемлекеттер басшылары сирек кездесетін металдарды өндіру мен өңдеу, көлік-транзит, су-энергетика салалары және IT секторындағы ықпалдастық мәселелерін егжей-тегжейлі талқылады. Сондай-ақ мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайту мен туризмді дамыту ісіне айрықша мән берілді. Келіссөз қорытындысы бойынша президенттер екі ел үкіметтері арасындағы Сауда-экономикалық ынтымақтастықты одан әрі дамыту жөніндегі жол картасын қабылдауға уағдаласты.

АХУАЛДЫҚ ОРТАЛЫҚТА БОЛДЫ

Президенттер Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мирзиёев Бұхара облысының жаңа Ахуалдық орталығының қызметімен танысты. Онда тәулік бойы өңірдегі ахуалға, соның ішінде инфрақұрылым жағдайына, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығына, көлік жүйесіне, қауіпсіздік қызметіне және табиғи процестерге бақылау жүргізіледі. Ахуалдық орталық төтенше оқиғалар кезінде шұғыл қызметтердің іс-қимылын үйлестіріп, ықтимал сын-қатерлерге тосқауыл қою үшін жағдайдың өрбуін модельдеуді жүзеге асырады.

ТАРИХИ ҚҰЖАТТЫ ТАПСЫРДЫ

Бұхарадағы бейресми кездесу барысында Өзбекстан Президенті Мемлекет басшысына архив материалдарын табыстады. Атап айтқанда, Қазақстан тарапына Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи және Рәбия Сұлтан бегім кесенелеріне қатысты 1920-1950 жылдары Өзбекстанда табылған құнды құжаттар, сызбалар және фотосуреттер берілді. Бұл құжаттардың көбі бүгінге дейін ғылымға айналымға түспеген және тарихи-мәдени құндылығы зор.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ХАКАТОНЫН КӨРДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мирзиёев Бұхарада Жасанды интеллект бойынша өтіп жатқан жалпыұлттық хакатонды тамашалады. Мемлекеттер басшыларына бұл сайыс IT және жасанды интеллект салаларын меңгерген талантты жастарды тауып, оларға қолдау көрсету мақсатында ұйымдастырылғаны баяндалды. Хакатон білім беру мекемелері, бизнес және мемлекеттік құрылымдар арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға септігін тигізеді. Хакатонға қатысушылар медицина, білім беру технологиялары, сондай-ақ кәсіпкерлік бағыттарындағы нақты міндеттердің түйінін тарқатумен айналысады. Өңірлік жарысқа мыңнан астам жас маман, студенттер мен бағдарлама әзірлеушілер қатысты. Президенттерге Govtech Өзбекстан цифрлық үкіметінің соңғы әзірлемелері, көлік, кеден, салық, энергетика, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, құрылыс, өнеркәсіп салаларындағы цифрлық шешімдер таныстырылды.

MERGANTEKS КӘСІПОРНЫНДАҒЫ ЖҮЗДЕСУ

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мирзиёев MERGANTEKS мақта-мата кластерінің қызметімен танысты. Мұнда шикізатты өңдеуден бастап, одан дайын текстиль өнімдерін шығаруға дейінгі толық өндіріс циклі жолға қойылған. Президенттерге кәсіпорын өндіріс тиімділігі мен халықаралық сапа стандартын қамтамасыз ететін заманауи жоғары технологиялық құрылғылармен жабдықталғаны жөнінде баяндалды. Кластердің өндірістік құрылымына мақта зауыты, екі жіп иіру фабрикасы, тоқыма және бояу цехтары, тігін фабрикасы кіреді. Өнім Польша, Түркия, Израиль, Босния және Герцеговина, Иран, сондай-ақ басқа да мемлекеттерге жеткізіледі.

БҰХАРАНЫҢ ТАРИХИ ОРЫНДАРЫН АРАЛАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мирзиёев IV-III ғасырларда бой көтерген Арк қамалын тамашалады. Көне нысан сан рет қирағанымен, қайта қалпына келтірілген. Қазіргі уақытта бекініс аумағында Бұхара мемлекеттік музей-қорығы орналасқан. Бұдан кейін мемлекеттер басшылары Бұхарадағы танымал орындардың бірі «Ляби-хауз» кешеніне барды. Мұнда XVII ғасырда салынған Нәдір Диуан-Бегі медресесі мен ханакасы, XVI ғасырда іргетасы қаланған Көкілташ медресесі секілді әйгілі сәулет ескерткіштерін көре аласыз. Қазақстан мен Өзбекстан көшбасшылары XII-XVI ғасырларда салынған Калян мұнарасы мен мешіті, Мири Араб медресесі секілді үш ғимараттан тұратын «Пои-Калян» тарихи кешенінде болды.

Бұхара ғасырлар бойы Орталық Азиядағы негізгі рухани ілім орталықтарының бірі болғаны белгілі. Жергілікті медреселерде қазақтың Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Нұржан Наушабаев, Шортанбай Қанайұлы және басқа да көрнекті қайраткерлері білім нәрімен сусындаған. Олардың есімдері екі ел тарихына ортақ. Бұдан бөлек, мемлекеттер басшыларына Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының музей-құжырасы таныстырылды. Президенттер Бұхарада оқыған қазақ зиялылары туралы көрмені аралап көрді.

№43 (4941) 14/04/2026 Сейсенбі



ҚАНЫШ РУХЫНА ҚҰРМЕТ

12 сәуір – Ғылым қызметкерлері күніне және «қазіргі қазақ ғылымының атасы», қазақтан шыққан тұңғыш академик Қаныш Сәтбаевтың туғанына 127 жыл толуына орай Астанада Қаныш Сәтбаев ескерткішіне гүл шоқтарын қою салтанатты рәсімі өтті.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Іс-шараға ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, халықаралық Қаныш Сәтбаев қоры қамқоршылар кеңесінің төрағасы Алтынбек Нұхұлы, Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен, сондай-ақ депутаттар, қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері қатысып, заңғар тұлғаның ескерткішіне гүл шоқтарын қойды.

«Бүгінгі күн бірнеше маңызды мерекелермен тұспа-тұс келіп отыр: Халықаралық ғарыш күні, Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың 127 жылдығы және Пасха мерекесі. Бұл – рухани жаңғырудың, үміт пен сүйіспеншіліктің күні» деп айрықша атап өтті Саясат Нұрбек.

Оның айтуынша, Мемлекет басшысы ғылым саласына әрдайым айрықша көңіл бөліп келеді. «Ғалымдарымызға, ғылыми қызметкерлерге, инженерлік-техникалық мамандарға үлкен қолдау көрсетілуде. Соның айқын дәлелі – жуырда Ақордада бірқатар әріптестеріміз жоғары мемлекеттік марапаттарға ие болды. Сонымен қатар, 10 жас ғалымға Президенттің өз қолымен пәтер табысталды. Бұл – несие де емес, ипотека да емес, бұл мемлекет тарапынан көрсетілген нақты қолдау. Қазіргі таңда 200-ге жуық пәтер жас ғалымдарға бөлініп отыр. Оның 128-і берілді, жыл соңына дейін тағы 70 пәтер табысталмақ» деді ол.

– Қаныш Сәтбаев – тек ұлттық деңгейде ғана емес, жалпы адамзат өркениетіне қызмет еткен ұлы ғалым. Оның ғылым, білім, мәдениет және руханият салаларындағы еңбегі орасан зор. Осындай мұраны насихаттау бағытында атқарылып жатқан жұмыстар бізді қуантады. Бүгінде елорда төрінде бой көтерген, биіктігі 13,5 метрлік еңселі ескерткіш – соның айқын дәлелі. 2024 жылы ғалымның 125 жылдығы мемлекеттік деңгейде аталып өтті. Содан бері ескерткішке гүл шоқтарын қою игі дәстүрге айналып келеді. Бұл – Қанышқа деген құрмет, ғылымға деген құрмет, – деді Сенатор, халықаралық Қаныш Сәтбаев қоры қамқоршылар кеңесінің төрағасы Алтынбек Нұхұлы.

ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРҒА – КҮМІС КҮН ШУАҒЫ

Астана қаласы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы жанынан құрылған «Сабақтас» республикалық Күміс волонтерлер «Жансая» әлеуметтік қызмет көрсету орталығында болды.

Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен жұмыс істейтін, психоневрологиялық патологиясы мен тірек-қозғалыс аппараты бұзылған 1,5-тен 18 жасқа дейінгі балаларға арналған мамандандырылған мекемеде 640-тан астам балаға жартылай стационарлық жағдайда кешенді медициналық-әлеуметтік түзету көмегін көрсетеді.

«Инклюзивті күміс волонтер» тобы мен «Нұра әуендері» өнер ұжымы да қайырымдылық акциясына қатысты. Олар балаларға ұлттық ойын ұйымдастырып сыйлықтарын тапсырды. Жүздеріне қуаныш ұялаған балалар қонақтардың мейірім-шуағына бөленді. «Әр адамның жүрегінде орын алғанда әлемде бейбітшілік салтанат құратынына сенімдіміз дейді» күміс волонтерлер, ақ шашты аналар мен аталар.

Кеш соңында Астана қаласы әкімдігінің «Жансая» орталығының директоры Аманбай Ердәулет мырза жылы лебізін айтып, ерекше балаларға қолдау көрсеткендерге Алғыс хат табыс етті.

ИНКЛЮЗИВТІ СПОРТ ДОДАСЫ

Бас қалада ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған ауқымды инклюзивті спорт додасы – Sana Sport Fest өтті. Оны BF Mereke қайырымдылық қоры мен «Жеңіске жет» қоғамдық қоры ұйымдастырды.



Sana Sport Fest-ке Қазақстанның бірнеше өңірінен келген 240-тан астам бала мен жасөспірім қатысты. Атап айтқанда, Астана, Қарағанды, Арқалық, Көкшетау, Қостанай, Петропавл қалалары мен Солтүстүстік Қазақстан облысы ауылдарынан жиналған қатысушылар бір алаңда бас қосты. Айта кетейік, фестиваль елордадағы Sana Sport кешенінде өтті. Фестиваль барысында қатысушылар жеңіл атлетика, шоудаун, үстел теннисі, бестемше және дойбы ойындары бойынша өзара бақ сынады. Әр бағытта балалар өз қабілетін көрсетіп, белсенділік танытты.

– Әр бала жарысқа қатысып, өз жетістігін көрсетуге лайық. Осы іс-шара арқылы біз оларға нағыз спорттағы рухты, тең бәсекені және өз жетістігіне деген мақтаныш сезімін сезіндіруді мақсат еттік. Алғаш рет қатысып отырғандар да аз емес. Бұл, әсіресе, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың жан-жақты дамуына үлкен пайдасын тигізеді деп ойлаймыз, – деді BF Mereke қайырымдылық қорының директоры Арман Қайрат.

Іс-шараға қатысушылар мен олардың ата-аналары да фестивальдің маңызын ерекше атап өтті.

ҚАУІПСІЗДІК САБАҒЫН ӨТКІЗДІ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Астанадағы Ақселеу Сейдімбек атындағы №54 мектеп-лицейде «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы аясында қауіпсіздік сабағы мен сынып сағаты өтті. Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыруға, құқық бұзушылықтың алдын алуға, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік, буллинг пен кибербуллингтің салдарын түсіндіруге бағытталған іс-шараға қалалық құқыққорғау органдарының өкілдері қатысты.

Райхан РАХМЕТОВА

Жиынға Астана қаласы ПД Байқоңыр ауданы ПБ Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл бөлімшесінің, Астана қаласы әкімдігінің Балаларға қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының өкілдері қатысты.

– Кибербуллинг – адамды интернет арқылы қорлау, мазақтау, қорқыту немесе әдейі ренжіту. Ол әлеуметтік желілерде, мессенджерлерде, ойындарда немесе чаттарда болуы мүмкін. Қарапайым тілмен айтқанда, бұл – онлайнда біреуді әдейі жәбірлеу. Оған мысал келтірсек, қорлайтын пікір жазу, жеке фото немесе видеосын тарату, қорқыту немесе бопсалау, фейк аккаунт ашып, адамды мазақ ету, топтан әдейі шығарып тастау, – дейді Астана қаласы ПД Байқоңыр ауданы ПБ Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл бөлімшесінің жедел уәкілі полиция лейтенанты Әділет Сейдрахман.

Іс-шараға мектептің 10 «д» сынып оқушылары қатысты. Сабақ барысында білім алушылар өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, ашық диалог алаңы ұйымдастырылды. Аталған бағыттағы жұмыстар оқушылардың құқықтық санасын қалыптастыру мақсатында алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасатын болады.



МЕМЛЕКЕТТІК КҮЗЕТ ҚЫЗМЕТІНЕ АТТАНДЫ

Жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу және әскери қызметтің оң беделін арттыру мақсатында Астанадағы Достық үйі ғимаратында көктемгі әскерге шақырылған 30 жігіттен құралған топты Мемлекеттік күзет қызметіне шығарып салу рәсімі өтті.



Әскери-патриоттық акцияға қоғам қайраткерлері – Халық Қаһарманы, отставкадағы генерал-лейтенант Бақытжан Ертаев, отставкадағы генерал-лейтенант Владимир Божко, отставкадағы контр-адмирал Ратмир Комратов, Астана қаласының Аналар кеңесінің өкілі Ольга Доценко, сондай-ақ қала әкімдігінің, ҚР Мемлекеттік күзет қызметінің, қорғаныс істері департаментінің өкілдері, Қарулы Күштер ардагерлері мен әскери қызметшілер, мектеп оқушылары, «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубының тәрбиеленушілері және әскерге шақырылушылардың ата-аналары қатысты.

– Бұған дейін ҰҚК Шекара қызметіне, Қарулы Күштердің десанттық-шабуылдаушы әскерлері бөлімдеріне және теңіз жаяу әскері бригадасына жастарды жіберу жұмыстары аяқталған. Енді, міне, Мемлекеттік күзет қызметіне жас сарбаздарды шығарып салудамыз. Бұл қызметке іріктелетін азаматтарға қойылатын талап жоғары. Олар мемлекеттік деңгейдегі іс-шараларда ел намысын танытып, әскери тәртіп пен жинақылықтың үлгісі болуы тиіс. Осындай азаматтарды тәрбиелеген ата-аналарға алғысымызды білдіреміз. Жастарымыз ел сенімін ақтайды деп сенеміз, – деді Астана қаласының қорғаныс істері департаментінің бастығы, полковник Руслан Балтеміров.

Айта кетейік, көктемгі әскерге шақыру науқаны маусым айының соңына дейін жалғасады. Жалпы, елордадан 1 400-ден астам азамат әскери қызметке аттанып, Отан алдындағы борышын өтеуге кіріседі.

№43 (4941) 14/04/2026 Сейсенбі

ЗАУЫТ ҰЖЫМЫ ЭКОАКЦИЯҒА ҚАТЫСТЫ

Астанада «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы басталды. Іс-шара аясында елордадағы «Автокомпоненты KZ» ЖШС кәсіпорнының мамандары бастамаға белсене қатысып, өндіріс аумағы мен оған іргелес жерлерді қоқыстан тазартты.



– «Таза қала» бастамасына белсене қатысатын біздің кәсіпорын ұжымы тек сенбіліктерде емес, өндіріс аумағында тазалықты тұрақты түрде сақтайды. Сонымен қатар экологиялық мәдениетті қалыптастыруға да ерекше көңіл бөледі» деді «Автокомпоненты KZ» директорының өндіріс бойынша орынбасары Эдгар Бенда.

Айтуынша, кәсіпорын өндіріс ауқымын кеңейтіп, кадр санын арттыруда. Қазіргі таңда зауытта шамамен 100 адам еңбек етсе, алдағы уақытта қызметкерлер санын 200-ге дейін жеткізу жоспарланған.

Нарықта 13-14 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан кәсіпорын тек өндіріс жүргізіп қана қоймай, техниканы Қазақстан бойынша және ТМД елдеріне жеткізеді. Зауыт заманауи, жоғары сапалы жабдықтармен қамтылған. Шикізаттың басым бөлігі отандық болса, кейбір материалдар Түркия, Ресей және Қытайдан жеткізіледі.

Кәсіпорында тек қазақстандық мамандар жұмыс істейді, олардың арасында 15-20 жылдан астам тәжірибесі бар кәсіби мамандар бар. Дегенмен салада білікті кадр тапшылығы сезіледі. Соған қарамастан зауыт жаңа қызметкерлерді қабылдап, оларды өндірісте оқытып, тәжірибеден өткізуде.

«Таза Қазақстан» аясындағы экологиялық акциялар елордада жалғасуда. Іс-шараға қатысушылар саны барған сайын көбейіп келеді.

ӨЗЕН ЖАҒАСЫН ТАЗАЛАДЫ

«Таза Қазақстан» ауқымды экологиялық бастамасы аясында елордада «Таза қала» айлығы өтіп жатыр. Қала бойынша еңбек ұжымдары сенбіліктер ұйымдастыруда. Осындай шаралардың бірі №1 Индустриялық парк аумағында, Ақбұлақ өзенінің жағалауында өтті.









Сенбілікке «Led System Media», «Uniton», «ZTOWN Development», «IZO-Trub Astana», «Temir Tas KZ», «СК Керемет», «KURYLYS KAZ INVEST», «Баракат Инвест», «Стройдормаш», «Power Conversion System», сондай-ақ «LED Solutions», «Гипсовинил», «AVALON-K», «Теплотехник-НС» және «АСТ Бетон Компани» кәсіпорындарының қызметкерлері қатысты.

Экологиялық акцияға 15 өнеркәсіптік кәсіпорынның 500-ден астам қызметкері қатысты. Қатысушылар жағалау аумағын қоқыстан тазартып, іргелес аумақтарды ретке келтірді.

«Компаниямыздың осындай маңызды акцияға атсалысқанына қуанып отырмын. Күнделікті жұмыс барысында да экологияға көңіл бөлеміз, бірақ мұндай шаралардың орны бөлек. Барлық ұжым болып шыққанда, жиналған қоқысты көріп, әркімнің жауапкершілігін сезінесің. Бұл – тек тазалық емес, өзімізді тәрбиелеу. Әртүрлі кәсіпорын қызметкерлерінің бір мақсатта бірігуі қуантады» деді «Гипсовинил» зауытының операторы Нұрбол Сахметов.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, «Таза Қазақстан» бастамасы табиғатқа ұқыпты қарауды қалыптастыруға, қоршаған ортаны қорғауға және елді мекендерді абаттандыруға бағытталған.

«Мен үшін «Таза Қазақстан» – туған жерге, өмір сүріп жатқан ортаға деген құрмет. Қала тазалығы үшін қаншама адам жұмылды. Жұмыс оңай болған жоқ, бірақ таза ауадағы сенбілік ерекше көтеріңкі көңіл-күймен өтті. Осындай бастамаларға қатысушылар саны арта береді деп сенемін» деді «Power Conversion System» зауытының директоры Нұрлан Айтимов.

ТАЗАЛЫҚ – ӨМІР САЛТЫ

Астанада «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында қалалық цирк ұжымы сенбілікке белсене қатысты. Іс-шараға қатысқан 200-ге жуық қызметкер мекеме аумағын және оған іргелес кеңістіктерді тазартты.

Сұлтан СЕЙІТ

Сенбілік барысында ұжым қызметкерлері цирк ғимаратының сыртқы аумағын ретке келтіріп, тазалық пен тәртіпті сақтауға өз үлестерін қосты. Астаналық өнер өкілдерінің пікірінше, мұндай бастамалар ұжым үшін бір реттік сенбілікпен ғана шектелмей, күнделікті өмір салты мен еңбек мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналып келеді.

«Қуантатыны – тазалық мәдениеті қоғамымыздың күнделікті өмір салтына біртіндеп айналып келеді. Бүгінде адамдар қоршаған ортаға, қоғамдық кеңістікке және ортақ мүлікке ұқыпты қараудың маңызын тереңірек сезіне бастады. Бұл – қоғамдағы оң өзгерістің нақты көрінісі. Цирк аумағы елордадағы көрікті әрі адам көп шоғырланатын мәдени кеңістіктердің бірі болғандықтан, оның таза әрі ұқыпты болуы ерекше мәнге ие. Осы ретте тазалықты сақтау ғана емес, қоғамдық мүлікті бүлдіру, вандализмнің алдын алу да маңызды. Ортақ кеңістікке жанашырлықпен қарау – әр азаматтың мәдениеті мен жауапкершілігінің көрсеткіші. «Таза Қазақстан» бастамасының мәні де осында. Бұл – тек аумақты тазалау емес, азаматтарымыздың сана-сезімі мен жан дүниесінің тазалығы, туған қаласына және еліне деген құрметі. Осындай көзқарас қоғамда берік орныққан сайын, қаламыздың да келбеті көркейе түседі» деді Астана циркінің бас директоры Айболат Жаудыр.



Елордада басталған экологиялық акцияға қала тұрғындары, кәсіпорын өкілдері, МИБ (ПИК), шағын және орта бизнес, еріктілер және қоғам белсенділері белсене қатысуда.

№43 (4941) 14/04/2026 Сейсенбі



КІТАПХАНАШЫЛАР ҮЛЕСІ

Орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты барлық 25 кітапханада сенбілік ұйымдастырылды. Іс-шара барысында 15 көпшілік кітапхана, 9 балалар кітапханасы, сондай-ақ зағип және нашар көретін азаматтарға арналған 1 арнайы мамандандырылған кітапхана аумағында тазалық жұмысы жүргізіліп, қоқыс жинау, санитарлық тазалау және абаттандыру шаралары жүзеге асырылды.

Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Гүлбадан Мәдібаеваның мәлімдеуінше, бастама кітапхана саласы үшін бір реттік акция емес, күнделікті қызмет пен мәдени-ағартушылық жұмыстың ажырамас бөлігіне айналған.

«Таза Қазақстан – біз үшін жай ғана сенбілік емес, өмір салтымыздың, еңбек және қоғамдық мәдениетіміздің ажырамас бөлігі. Кітапханалар жүйесінде тазалық, санитарлық ретке келтіру, абаттандыру жүйелі түрде жүргізіліп келеді және алдағы уақытта да жалғасады. Сонымен қатар бастама тек тазалық жұмысымен шектелмейді. Кітапханаларда акция аясында тақырыптық кітап көрмелері ұйымдастырылып, оқырмандарға арналған түрлі форматтағы мәдени-ағартушылық іс-шаралар тұрақты түрде өтіп тұрады. Біз үшін тазалық – бұл тек қоршаған орта тазалығы емес, ой тазалығы, мәдениет тазалығы және қоғамдық жауапкершілік мәдениеті» деді мекеме басшысы.

Кітапханаларда «Таза Қазақстан» тақырыбы аясында кітап көрмелерімен қатар экология мәдениетін, ұқыптылық пен қоғамдық жауапкершілікті насихаттауға бағытталған кездесулер, танымдық сағаттар, әдеби шолулар және өзге де түрлі форматтағы іс-шаралар жүйелі түрде өтіп келеді.



БАНК ҚЫЗМЕТКЕРІ БЕЛСЕНДІЛІК ТАНЫТТЫ

Елордада «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экология бастамасы аясында Нұра-Есіл каналының жағалауында қаржы секторы өкілдерінің қатысуымен ауқымды сенбілік өтті.



Оңалхан ӨНЕРХАН



Экология акциясына Ұлттық банк пен екінші деңгейлі банктердің мыңға жуық қызметкері қатысып, Ұлы дала даңғылы бойындағы аумақты тазалады. Сондай-ақ сенбілікке қатысушылар ағаш отырғызуға арналған алаңдарды дайындап, абаттандыру жұмысын атқарды.

– Акция арқылы көктемгі сенбіліктерге бастау беріп, табиғатқа жанашырлық әр азаматтың міндеті екенін көрсеткіміз келді. Бұл жолғы мақсат – тұрғындар арасында тазалыққа деген жауапкершілік мәдениетін қалыптастыру, – деді «Даму» қоры Астана қаласы филиалы директорының орынбасары Айбек Кәрімов.

Іс-шараның ерекше сәті – Ұлттық банктің бастамасымен «Таза Қазақстан» жалауын басқа қаржы ұйымдарына табыстауы.

– Бұл – ұйымдардың бірлігі мен еліміздің экологиясы үшін ортақ жауапкершіліктің белгісі, – деді Астана қаласы Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы басшысының орынбасары Қуандық Құрмашев.

ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ ЭКОКУИЗ

Шаһарымызда экология мәдениетін қалыптастыруға бағытталған ерекше форматтағы іс-шара ұйымдастырылды. Global Green Hub компаниясының ecohub алаңында «Таза Қазақстан» акциясы аясында жастарға арналған экологиялық куиз өтті.

Аталған бастама Zero Waste қозғалысы мен Астана қаласы Қоршаған ортаны қорғау департаментінің қолдауымен жүзеге асты. Оған колледж және университет студенттері, сондай-ақ Astana Zhastar еріктілері белсенді қатысып, экология саласындағы білімін тексерді. Сонымен қатар нақты тапсырмалар орындап, қоршаған ортаға әсер ететін күнделікті әрекеттерді саралады. Ойлы ойын барысында жаһандық температураның 1,5°C деңгейінде сақталуы мәселесіне ерекше назар аударылды. Қатысушылар климаттың өзгеруіне қарсы күресте әр адамның рөлі маңызды екенін түсініп, күнделікті өмірдегі шағын әрекеттің өзі үлкен өзгеріске әсер ететінін ұғынды.

– Куиздің басты ерекшелігі – экология, технология және кәсіпкерлікті біріктіретін авторлық экотехнологиялық ойлау әдіснамасының ұсынылуы. Бұл тәсіл жастарға тек білім алып қана қоймай, өздерінің экология жобаларын ұсынуға мүмкіндік береді, – дейді Global Green Hub компаниясының басшысы Әсел Сейфуллина.

Ұйымдастырушылар мұндай интерактивті іс-шаралар жастарды қоршаған орта мәселелеріне тартудың ең тиімді құралдарының бірі екенін атап өтті. Олар экологияны тек теория ретінде емес, өмір салты ретінде қабылдауға көмектеседі.

СТУДЕНТТЕР СЕНБІЛІККЕ ШЫҚТЫ

«Таза Қазақстан – жауапкершілік белесі» экология айлығы мен «Таза қала» экология акциясы аясында Esil университетінің 100 студенті сенбілікке қатысты.

Елордада басталған ауқымды экология айлығы қала тұрғындарын тазалық пен қоршаған ортаға жанашырлықпен қарау идеясы аясында біріктіріп отыр. 11 сәуірден бастап қала бойынша аумақтарды тазалау және абаттандыру жұмысы жүргізіліп жатыр. Осындай игі бастамалардың бірі Ш.Құдайбердіұлы даңғылы мен А.Пушкин көшесінің қиылысындағы гүлзарда өтті. Бұл жерде Esil университетінің студенттері ортақ іске үлес қосып, аумақты қоқыстан тазалап, жолдар мен жасыл желектерді ретке келтірді.

Астана қаласы Байқоңыр ауданы әкімдігі ішкі саясат бөлімінің өкілдері мұндай іс-шаралар тұрғындардың тазалыққа деген жауапкершілігін арттырып, қоғамдық өмірге белсенділігін күшейтетінін жеткізді.

– Республикалық «Таза Қазақстан» акциясы аясында гүлзарымызда сенбілік өткіздік. Негізгі мақсат – жастарды осы бастаманың идеологиясына баулу. Бұл тек сенбілікке қатысу емес, барлық саладағы тазалық пен тәртіпті қамтиды. Мамыр айының соңына дейін сенбіліктер жалғасады. Барлық тұрғынды, кәсіпкерлерді, білім беру ұйымдарын өз аумақтарын ретке келтіруге шақырамыз, – деді Байқоңыр ауданы әкімдігінің маманы Нұрислам Батырбек.

Қатысушылардың айтуынша, мұндай шаралар қаланы таза етіп қана қоймай, қоршаған ортаға жауапкершілік мәдениетін қалыптастырады.

№43 (4941) 14/04/2026 Сейсенбі

Төлен ТІЛЕУБАЙ




Фото интернеттен алынды

ЖИ мен МӘТІН

Қазіргі кезде жасанды интеллект жазған мәтіндер интернет кеңістігін жаулап алып қана қоймай, күнделікті өмірімізге еніп кетті. Мектеп оқушылары да, студенттер де, тіпті ғалымдар да ЖИ жазған мәтінді қолданып жүр. Болашақта журналистика мамандығына оқуға түскісі келетін 10-11-сынып оқушылары да мәтінді өзі жазбай, нейрон желілердің көмегіне жүгінетін болды. Бұл – сауатсыздық пен енжарлыққа бастайтын кесел. Оған дер кезінде тосқауыл қоймасақ, ертеңгі күні бармағымызды шайнаймыз. Зерттеуші-ғалымдар цифрлық технологияны бейберекет қажетіне жарату балалардың ойлау қабілетін әлсіретіп, эмоциялық жағынан дамуын тежейтінін анықтады. ЖИ жазған мәтін мен адам қолымен жазылған мәтін текетіреске түскен заманда қандай мәселелер алдымыздан шығуы мүмкін? Соған талдау жасайық.

ЖИ ЖАЗҒАН МӘТІН ЖАЛЫҚТЫРДЫ

Шынын айтсақ, қазір жасанды интеллект жазған мәтін жұртты ығыр қылды. Өйткені оған қатысты дау-дамай көбейіп кетті. Өткен айда «Википедияның» ағылшын нұсқасы нейрон желілердің көмегімен мақала жазуға және оны түзетуге тыйым салды. Беделді қауымдастық ЖИ жасаған мәтін энциклопедияның негізгі қағидаттарына қайшы келетінін хабарлады. Ресми нұсқаға нақты шектеулер енгізілді. Соған сәйкес, редакторлар ЖИ-ді тек қарапайым мәтінді түзетуге ғана пайдаланады. Бірақ оған жаңа ақпарат қоса алмайды. Сондай-ақ ЖИ аударған мәтінді адам мұқият тексергеннен кейін ғана қолдануға болады деген өзгеріс енгізілді. Ұзаққа созылған дау-дамайдан шаршаған тараптар бұл шешімді бірден қолдады. Нейрон желілер контентімен арада болған текетіресті реттеу үшін WikiProject AI Cleanup атты жеке жоба да жүзеге асты. Өйткені ЖИ мәтін дайындағанда әр нәрсені орынсыз ұлғайтып, жұмбақтап, тіпті жалған ақпарат қосып, сайып келгенде, барлығын былықтырып жіберетініне адамдардың көзі жетті. Сол себептен адамдар оны жағымсыз дүние ретінде қабылдауға көшті. Айтпақшы, мұндай ұстанымды «Википедияны» қолданушылар ғана емес, жасанды интеллект саласының басты жоба жасаушылары да ашық мойындады.

СІЛТЕМЕ САЛҒАН СЕРГЕЛДЕҢ

ЖИ жазған мәтіндер қазір ғылым саласына да зиян тигізіп, ғылыми қауымдастықты қатты алаңдатып отыр. Соған нақты мысал келтірейік. Ақпараттарды талдау маманы Гийом Кабанак Google Scholar-дан өзінің ғылыми жұмысынан дәйексөз келтірген стоматологияға арналған мақала туралы хабарлама алған. Ол өзі жазған мәтінді де, ғылыми жұмысының сілтемесін де тани алмай, қатты әбіржіген. Цифрлық идентификатор ғылыми еңбекті ашып бере алмағандықтан, автор бұл мәтінді ЖИ-дің жазғанын бірден аңғарған. Мұндай оқиғалар өте көп. Жуырда Nature журналы бір қызықты зерттеу жүргізіп, ғылыми мақалаларда мыңдаған жалған сілтемелердің бар екенін анықтады. Мәселе мынада екен: ғалымдар әдебиет іздегенде, мәтін жазғанда және библиография тіркегенде тілдік модельдерді жиі қолданады. Өкініштісі сол, мұндай құралдар мүлдем өмірде болмаған мәліметтерді генерациялап, шынайы ақпарат ретінде ұсынады. Бұған дәлел: информатика пәні бойынша конференцияларда жинақталған 18 мыңға жуық мақаланы талдағанда, соның ішінде 2,6 пайызы, кейбір жағдайда 6 пайызы жалған сілтемелер болып шыққан. Nature журналы мен Grounded AI бірлесіп жүргізген зерттеуде ірі баспалардың 4 мыңнан астам жарияланымы қамтылған. Зерттеу нәтижесінде бір жылда жалған сілтемесі бар 100 мыңнан аса ғылыми жарияланым анықталыпты. Жасанды интеллект ғылыми еңбек авторларын, зерттелген тақырыптарды, жариялаған журналдарды – бәрін бір материалға қосып, жұртты адастырған. Ең сорақысы, нақты бір ғылыми жұмыс сілтемесінің өзінен қате шығады: не атауы бұрмаланған, не авторы дұрыс емес. Бір зерттеуде ЖИ генерациялаған сілтемелердің 20 пайызы ойдан шығарылғаны әшкереленген. Дәйексөздердің 45 пайызы бұрмаланғаны тағы бар. Осыдан кейін беделді ғылыми журналдардың редакциялары сілтемеге қатысты мәселе туындаған жағдайда мақалаларды авторына кері қайтаруда. Бұл мәселе ғалымдардың басын қатырды. Өйткені жалған сілтемелер ғылыми нәтижелерді тексеруге кедергі келтіріп, өзге зерттеушілерді адастырып, ғылыми қорытындыларды бұрмалайды. Ғылыми журналдардың қожайындарын қатты алаңдатып отырғаны мұндай қателердің таралу жылдамдығы оларды анықтаудан бірнеше есеге көп. Егер мұндай жағдай өзгермесе, ғылыми әдебиет шынайылық пен сенімнен айырылатыны анық.

ЖАЗУ ҚҰРАЛЫ ЕМЕС, ҰРЛЫҚТЫҢ БІР ТҮРІ

Өткен жылы нейрон желілерге қатысты көптеген жанжал шыққаны мәлім. Соның бірі – кітап шығару саласына қатысты дау-дамай. Жазушы Лена Макдональдтың «Академия Даркхоллоу: Газ 2» атты фэнтези-романын қызығып оқыған оқырман: «Мен бұл үзіндіні Дж. Бридің стиліне сәйкес келуі үшін көшіріп алдым» деген жазбаны оқып, жағасын ұстаған. Бұл сөз тіркесі оқырманға арналып, жазылмағаны сөзсіз. Соның нәтижесінде кітапқа қатысты жағымсыз ой-пікірлер жазылып, таралым мен сатылымға да әсер етті. Тіпті кейбір оқырмандар: «Жасанды интеллект – бұл жазу жазатын құрал емес, тірі адамның жазған хатын ешқашан алмастыра алмайтын ұрлықтың бір түрі» деп кейістік білдірді. Кітаптардың баспадан жылдам басылып шығуы да жұрттың күдігін ұлғайта түсті. Фэнтези-романның алғашқы бөлімі 2025 жылы қаңтарда, екінші бөлімі 13 наурызда, ал үшінші бөлімі 23 наурызда шықты. Бұған таңғалған оқырмандар кітап авторының шығармашылық әлеуетіне күдікпен қарап, жасанды интеллектінің көмегімен жазылған әдеби шығарманың шынайылығына илана алмады.

ЖАҒЫМСЫЗ МӘТІННЕН ҚАУІП БАР МА?

Біз күн сайын әлеуметтік желілерді «ақтарып», өзімізге қызықты бейнежазба, мәтінмен жазылған жазба, оқиға, сурет және мақалаларды іздейміз. Солардың көпшілігін ЖИ генерациялайды. Кейбір инфлюенсерлер ЖИ-дің өнімін өз өнімі ретінде ұсынады. Бұдан қандай қауіп бар? PR маманы Диана Жұмағұлова генерацияланған мәтіндерді екіге бөледі: жеке және коммерциялық. Біріншісінде сіз өзіңізге ұнаған адамның парақшасына жазылассыз, сөйтіп ол туралы көбірек білгіңіз келеді. Ал парақшадан ЖИ жасаған мәтінді көріп, ол адамға деген қызығушылық пен сенім жоғалады. Коммерциялық мәтіндермен де осыған ұқсас жағдай орын алады. Өзін толғандырған мәселеге жауап іздеген интернет қолданушы стандартты және жалпылама жауап алса, оның әлгі маманға деген сенімі азаяды. Сенім жоқ жерде табыс та жоқ. Мұндай жағдайда атышулы брендке де, беделді маманға да қызығушылық төмендеп, жағымсыз көзқарас қалыптасады. Демек, жасанды интеллектке бәрін сеніп тапсырған маманның кәсібі құлдырайды деген сөз. Тағы бір PR-маман Анастасия Коханюк нейрон желілердің фактілерді шатастырып, көбінесе шынайы емес дерек көздерін пайдаланатынын айтады. «Сол себептен чаттан келген мәтінді көшіріп алып, тексерместен жариялауға болмайды. Ондай жағдайда автор оқырманды адастырып, сергелдеңге салады» дейді ол. Диана Жұмағұлова да бұл пікірді қостап, белгілі бір сала маманының өз қолымен жазылған мәтінді ғана әлеуметтік желілерге жариялауға болатынын айтады. «Иә, уақытты үнемдеу деген мәселе бар. Алайда медицина, психология, білім беру сияқты салаларда кәсіби мамандардан көмек сұрайтын адамдарға шынайы ақпарат қана берілуі тиіс. Өйткені адамдар бәрін эмоционалды түрде қабылдайды» дейді сарапшы.

КЕЗ КЕЛГЕН АҚПАРАТТЫ СУЫҚ АҚЫЛҒА САЛЫП, ШЫНАЙЫЛЫҒЫН ТЕКСЕРЕ АЛАТЫН АДАМДЫ ҒАНА ЖИ АДАСТЫРА АЛМАЙДЫ. МЕНІҢ ОЙЫМША, ҚАНДАЙ ЗАМАН БОЛСА ДА, ЖИ МӘТІН ЖАЗУҒА КЕЛГЕНДЕ ТАМАША КӨМЕКШІ БОЛУЫ МҮМКІН, БІРАҚ АДАМ БАЛАСЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОЙ-ҚАБІЛЕТІН АЛМАСТЫРА АЛМАЙДЫ



ЖИ ЖАЗҒАНЫН ҚАЛАЙ ТАНИМЫЗ?

Сарапшы-мамандар ЖИ жазған мәтінді адамдыкінен ажыратудың 9 түрлі тәсілін ұсынады. Біріншіден, ЖИ-дің мәтінінде жеке жазбалар мен үндеулер болмайды. Нейрон желілер жасап шығарған мәтін құрғақ келеді. Ол жерде оқырманға арналған жекелеген ой-пікірлер я болмаса сұрақтар кездеспейді. Екіншіден, мәтіннің стилі айрықша тегіс болып келеді. Ондай мәтіндер тым біртекті, тірі және алуан түрлі құрылымы жоқ сөйлемдерден құралады. Үшіншіден, ЖИ жазған мәтінде сөз тіркестері қайталанып беріледі. Нейрон желі шаблон тіркестерін бір немесе бірнеше рет қайталап, ұсынады. Төртіншіден, ЖИ жасап берген мәтінде грамматикалық қателер кездеспейді. Бесіншіден, ЖИ мәтіндерінің мазмұны бейтараптыққа толы. Сол мәтінді оқып отырған адам бейтарап ұстанымды лезде аңғарады. Тұрақты ұстаным, нақты ой-пікір, белгілі бір эмоция таба алмайсыз. Алтыншыдан, жалған ақпарат генерациясы ұлғайып барады. Жасанды интеллект жалған ақпаратты шынайы ақпарат ретінде ұсынады. Мұны «галлюцинация» деп атайды. Ондай мәтіндерде ойдан шығарылған фактілер мен дәйексөздер толып жүреді. Жетіншіден, нейрон желінің сөздік қорының шектеулі екені бірден байқалады. Мәтінді оқып отырған адам белгілі бір сөздердің, сөз тіркестерінің жұтаңдығын, шектеулі екенін көреді. Сегізіншіден, үстірт логикалық пайымдауды тап басып, ажырата аласыз. ЖИ-дің мәтінінде терең логикалық қорытындылар, интерактивті диалог болмайды. Ол жерде тек бір ғана көзқарас менмұндалап тұрады. Тоғызыншыдан, дәлдік пен шынайылық деген нәрселер ұшыраспайды. Жасанды интеллект сенімді мәліметтерді жинақтап беруі мүмкін, бірақ тексерген кезде оның бұрмаланған ақпарат екенін тез анықтайсыз. Ғылыми ортада бұл мәселеге ең алдымен назар аударылады.

Қазіргі кезде цифрлық технологиялар керемет жылдамдықпен дамып барады. Соның бір жағымсыз тұсы, «ізгілендірілген» мәтіндерді адамның қолымен жазылған мәтіннен айыру қиынға соғуда. Мысалы, Turnitin, GPTZero сияқты цифрлық құралдар терең талдау жасауға көмектескенімен, олардың сенімділігі мен шынайылығы шектеулі. Біз мұғалімдер мен оқушыларға ЖИ-ді пайдалануға тыйым салу арқылы бұл мәселені шеше алмаймыз. Тығырықтан шығатын жолдың бірі – оқушыларды, студенттерді, мұғалімдерді осындай құралдармен тиімді жұмыс істей білуге үйрету, оқыту, баулу. Кез келген ақпаратты суық ақылға салып, шынайылығын тексере алатын адамды ғана ЖИ адастыра алмайды. Менің ойымша, қандай заман болса да, ЖИ мәтін жазуға келгенде тамаша көмекші болуы мүмкін, бірақ адам баласының шығармашылық ой-қабілетін алмастыра алмайды.

ЖАҚСЫДАН ҮЙРЕН, ЖАМАННАН ЖИРЕН

Өткен жылдың күзінде Олий Мәжіліс жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын теріс пайдаланғандарды жауапқа тартуды қарастыратын заң жобасын мақұлдады. Заңнамалық құжатта алғаш рет «жасанды интеллект» ұғымының ресми анықтамасы беріліп, оны пайдалану ережелері айқындалған. Заң жобасында жасанды интеллектіні заңсыз мақсатта қолдануға қатысты қатаң жазалау шаралары нақты жазылған. Мысалы, жеке деректерді рұқсатсыз өңдегені немесе таратқаны үшін 50-ден 100-ге дейінгі базалық есептік мөлшерінде айыппұл салу, 15 күнге дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алу және техникасын тәркілеу жазасы қарастырылған. Сондай-ақ БАҚ-тарда немесе әлеуметтік желілерде жасанды интеллектінің көмегімен жасалған контенттің арнайы белгісі көрсетілуі шарт. Заңда сондай-ақ адам құқығына әсер ететін шешімдерді тек алгоритмдер негізінде, яғни адамның қатысуынсыз қабылдауға тыйым салынатыны айқын жазылған. Ал біздің заңнамамызда осындай тәжірибе бар ма? Ойланып қаламыз.

ҒЫЛЫМ КҮНІНДЕГІ ТУРНИР

Бас қалада Ғылым қызметкерлері күніне және Қазақстан Республикасы Генералдар кеңесінің құрылғанына 25 жыл толуына орай ауқымды волейбол турнирі өтті. Жарысқа еліміздің барлық өңірінен және көршілес мемлекеттерден осы спорт түрінің әуесқойлары жиналды. Олардың ішінде мемлекеттік қызметшілер, бұрын кәсіби спортпен айналысқан прокуратура ардагерлері және түрлі сала өкілдері бар.



Салтанатты іс-шараның ашылу рәсіміне Ресей волейбол федерациясының өкілдері мен бас хатшысы Александр Ярёменко қатысты. Сондай-ақ Олимпиада чемпиондары, Ресей құрамасының ойыншылары Сергей Тетюхин мен Дмитрий Ильиных құттықтау сөз сөйлеп, қатысушыларға қолдау білдірді, Қазақстандағы ардагерлер спортының маңызын атап өтті.

– Биыл қазақстандық ардагерлер халықаралық деңгейде үлкен жетістікке жетті. Команда Абу-Дабиде өткен 65 жастан асқан ойыншылар арасындағы әлем чемпионатында жеңімпаз атанды. Бұл – отандық ардагерлер спорты үшін зор мақтаныш, – деді Қазақстан параволейбол федерациясының президенті, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Дүйсенбай Тұрғанов.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай жарыстар өңірлер мен елдер арасындағы спорт байланысын нығайтып қана қоймай, аға буын арасында салауатты өмір салтын насихаттауға ықпал етеді.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

31.03.2026 №510-1058

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы №33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астана қаласы «Сарыарқа» ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес «Абаттандыруға арналған жер учаскесі» объектісінің іздестіру және жобалау жұмыстарын жүргізу үшін, Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Көктал тұрғын алабы, Тарбағатай және Моншақты көшелерінің қиылысы ауданы мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 0,1574 га, жер учаскелері 2026 жылғы 3 маусымнан бастап 2027 жылғы 3 маусымға дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.

2. «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей меншік иелеріне және жер пайдаланушыларға мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелері және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппе, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын басқа да іс-қимылдарды орындасын.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. Меншік иелері және жер пайдаланушылар алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Астана қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

5. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі **Ж. Қасымбек**

Астана қаласы әкімдігінің
2026 жылғы «31» 03
№510-1058 қаулысына
қосымша

Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі және жер пайдаланушы	Жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	21-319-147-390	«DUMAN TOI» ЖШС	1574	1574	Астана қаласы, «Сарыарка» ауданы, Көктал т.а., Моншақты көшесі, №7 участке	Кафені жобалау және салу үшін	Жеке меншік

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

31.03.2026 №510-1059

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы №33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астана қаласы «Алматы» ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес «Абаттандыру» объектісінің іздестіру және жобалау жұмыстарын жүргізу үшін, Астана қаласы, «Алматы» ауданы, Ш. Құдайбердіұлы даңғылы және Манас көшесі ауданы мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 0,4266 га, жер учаскелері 2026 жылғы 3 маусымнан бастап 2027 жылғы 3 маусымға дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.

2. «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей меншік иелеріне және жер пайдаланушыларға мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелері және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппе, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын басқа да іс-қимылдарды орындасын.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. Меншік иелері және жер пайдаланушылар алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Астана қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

5. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі **Ж. Қасымбек**

Астана қаласы әкімдігінің
2026 жылғы «31» 03
№510-1059 қаулысына
қосымша

Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі және жер пайдаланушы	Жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	21-318-036-481	Иванов Валерий Владимирович	29	29	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Степной» гараж кооперативі, №1 аумақ, №406 участке	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
2.	21-318-036-025	Фролов Валентин Романович	24	24	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Степной» гараж кооперативі, №404 участке	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
3.	21-318-036-755	Чемурзиева Лидия Туркеевна	26	26	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Степной» ЖГИТК (1-аумақ), №389 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
4.	21-318-036-754	Чемурзиева Фердоси Туркеевна	25	25	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Степной» ЖГИТК (1-аумақ), №338 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
5.	21-318-036-163	Аубакиров Серик Аубакирович	22	22	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Степной» ЖГИТК (1-аумақ), №373 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
6.	21-318-036-454	Жанұзақ Жәмила Әбішқызы	24	24	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Степной» гараж кооперативі (1-аумақ), №370 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
7.	21-318-036-451	Хибатуллин Талгат Рашитович	24	24	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Степной» ЖГИТК (1-аумақ), №367 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
8.	21-318-036-140	Шоканова Тумаркуль Онлабековна	23	23	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Степной» ЖГИТК (1-аумақ), №363 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
9.	21-318-036-438	Абишева Гульбаршин Сулейменовна	24	24	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Степной» ЖГИТК, №352 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

31.03.2026 №510-1075

Астана қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына сәйкес, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы №33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының Бас жоспарын іске асыру мақсатында Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Астана қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына қосымшаға сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

2. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Әкім **Ж. Қасымбек**

Астана қаласы әкімдігінің
2026 жылғы «31» 03
№510-1075 қаулысына
қосымша

Өзгерістер енгізілетін Астана қаласы әкімдігінің бұрын қабылданған қаулыларының тізбесі

1. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 13 сәуірдегі №510-1252 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармағындағы «2024 жылғы 24 ақпаннан бастап 2025 жылғы 24 ақпанға дейін» деген сандар мен сөздер «2026 жылғы 22 маусымнан бастап 2027 жылғы 22 маусымға дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.

2. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 11 маусымдағы №197-2143 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармағындағы «2022 жылғы 23 мамырдан бастап 2023 жылғы 23 мамырына дейін» деген сандар мен сөздер «2026 жылғы 22 маусымнан бастап 2027 жылғы 22 маусымға дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.

3. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 15 қарашадағы №510-3346 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармағындағы «2023 жылғы 27 наурыздан бастап 2024 жылғы 27 наурызға дейін» деген сандар мен сөздер «2026 жылғы 22 маусымнан бастап 2027 жылғы 22 маусымға дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

07.04.2026 №510-1201

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы №33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астана қаласы «Сарыарқа» ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес «Абаттандыру» объектісінің іздестіру және жобалау жұмыстарын жүргізу үшін, Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Сарыарқа даңғылы, №22/1 үй ауданы мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 0,0108 га, жер учаскелері 2026 жылғы 3 маусымнан бастап 2027 жылғы 3 маусымға дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.

2. «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей меншік иелеріне және жер пайдаланушыларға мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелері және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппе, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын басқа да іс-қимылдарды орындасын.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. Меншік иелері және жер пайдаланушылар алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Астана қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

5. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі **Ж. Қасымбек**

Астана қаласы әкімдігінің
2026 жылғы «07» 04
№510-1201 қаулысына
қосымша

Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі және жер пайдаланушы	Жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	21-319-026-165	Галкина Елена Федоровна	198	198	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Сарыарқа даңғылы, №22Г гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік

ХАБАРЛАМА

«Астана қаласының активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ 11.03.2026 ж. №559 «Астана қаласының коммуналдық меншігіне сыйға тарту шарты бойынша мүлікті қабылдау туралы» бұйрығы бойынша «Астана шаруашылық басқармасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі БСН 120340003574 жарғылық капиталдың мөлшері 725 453 (жеті жүз жиырма бес мың төрт жүз елу үш) теңге 53 тиынға азайғаны туралы хабарлайды.

ҚҰРМЕТТІ АТА-АНАЛАР!

«Intellectual generation» ЖШС жекеменшік мектеп – жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы. Ата-ананың төлемі жылына 1200 АЕК-тен аспауы керек (2026 жылы – 5190000 теңге). Ата-ана төлемі асып кеткен жағдайда, «Қаржы орталығы» АҚ-қа хабарласуыңызды сұраймыз. Сенім телефондары: 8-7172-695-037, 8-7172-695-058.

«Ваш Столичный Ломбард» ЖШС кепіл мүлкін соттан тыс сатуды күн сайын жүзеге асырады. Ломбардтардағы зергерлік бұйымдар түріндегі мүлікті ашық аукцион арқылы сатады. Толығырақ: vsl.kz/torgi

№43 (4941) 14/04/2026 Сейсенбі



БЕСТЕМШЕ ОЙНАП ЖАРЫСТЫ

Астана қаласы Білім басқармасының «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы, «Тоғызқұмалақ зияткерлік қауымдастығы» РҚБ мен Астана қаласы әкімдігінің №69 «Еркем-ай» балабақшасы бірлесе отырып, мектеп жасына дейінгі балаларға арналған «Бестемше» ұлттық ойынынан өңірлік жарыс өткізді.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ



Іс-шараға Астана қаласы мәслихатының депутаты Мәдина Әжікенова, қалалық Білім басқармасы мектепке дейінгі тәрбие және оқыту бөлімінің өкілдері, «Тоғызқұмалақ зияткерлік қауымдастығы» РҚБ президенті, Дүниежүзілік тоғызқұмалақ федерациясының бас хатшысы Мақсат Шотаев, елордадағы және өңірлердегі балабақшалардың меңгерушілері, жарысқа қатысушылар жиналды.

– Бестемше – қазақ халқының зияткерлік ойыны, төрт мың жылдан бері бізде ұрпақ тәрбиесінде маңызды орын алатын ерекше рухани мұрамыз. Солтүстік өңірлер бойынша «Бестемше» жарысы биыл үшінші рет, ал Астана қаласында бесінші рет өтіп отыр. Сол жарыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері осы жарысқа қатысуда. Мұның №69 «Еркем-ай» балабақшасында өтуінің өзіндік сыры бар. Бұл балабақша бестемшені дамытуды ғылыми тұрғыдан жолға қойған. Жуырда бұл ойын жөнінде осы балабақша ұжымы дайындаған кітап шықты. Жалпы олардың тәжірибесі осы жарыста таратылады. Биылғы жарысқа алдында қатыспаған облыстардың ойыншылары қосылып отыр. Бұрын бізде Астана қаласы, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қарағанды, Павлодар облыстарынан келгендер қатысса, биыл Ұлытау және Абай облыстарынан да командалар келді. Жарысымыздың ауқымы кеңейді. Сондықтан келесі жылы республикалық деңгейде жарыс өткіземіз деп жоспарлап отырмыз. Соның нәтижесінде жеңімпаздарға Түркияда өтетін халықаралық этноспорт олимпиадасына жолдама береміз, – деді Мақсат Шотаев.

Жарыс барысында №69 «Еркем-ай» балабақшасының меңгерушісі Марал Ахметова және балабақша қызметкерлері Анар Таждинова мен Нәзира Жолымбетова дайындаған «Бестемше – зияткерлік ойын» әдістемелік құралының таныстырылымы өтті.

– Бұл әдістемелік құралға патент алдық. Алда осы кітапшаны түрік және ағылшын тілдеріне аударамыз. Өйткені осы кітапша авторларының бірі, балабақшамыздың қызметкері Анар Таждинова Чехияда өткен жарысқа қатысып жеңімпаз болғанда, сол жерде бестемшенің әдістемесі бар ма деп сұрағандар болды. Сондықтан ағылшын тіліне аударып, барған шетелдерде таратып отырамыз. Ал Түркия – бауырлас ел болғанмен қатар, қашаннан біздің әріптесіміз, – деді №69 «Еркем-ай» балабақшасының меңгерушісі Марал Күлкенқызы.

Жарысқа Астана қаласы мен өңірлерден 100-ге жуық бала қатысты. Соның бірі – Екібастұз қаласынан келген 6 жасар Дінмұхаммед Кәрімов.

– Астанада жарыс өтеді дегенді естіп, бас қалаға келдік. Ұлым Дінмұхаммедтің бестемше ойынымен айналысқанына бір жыл болды. Бұл тоғызқұмалақ деген ұлттық ойынымыздың бір түрі ғой. Ол баланың логикасын, математикалық білімін дамытады. Баламның өзі бестемшеге қатты қызықты. Екібастұзда өткен қалалық жарыстан 2-орынды жеңіп алғаны да бар, – деді әкесі Азамат Кәрімов.

Ұлытау облысы Жаңаарқа ауданындағы «Балауса» бөбекжайының меңгерушісі Гүлсара Сыздықова осы жарысқа 5 жасар бөбекжай тәрбиеленушісі Алдияр Амангелдіні алып келді.

– Біздің бөбекжайда осы бестемше бойынша жобамыз бар, үйірме ашылды. Соның аясында бірнеше жылдан бері жұмыс істеп келе жатырмыз. Бестемше үйірмесіне 150 баладай қатысады. Жалпы бөбекжайымызда 3 мектепалды тобы, 2 ересектер тобы бар. Солардың бәрі – жалпы 150 баладай бестемше үйірмесіне қатысады, – деді Гүлсара Садыққызы.

ТАНЫМАЛ ТЕЛЕЖУРНАЛИСТ ТУРНИРІ

Елордада белгілі тележурналист, қоғам қайраткері Нұртілеу Иманғалиұлының рухына арналған әуесқойлар арасындағы дәстүрлі республикалық бильярд турнирі биыл алтыншы мәрте өз жалауын көтерді. Жыл өткен сайын мәртебесі артып келе жатқан додаға елдің түкпір-түкпірінен жиналған шебер ойыншылар жасыл үстел үстінде өзара мықтыны анықтады.



Шапағат ӘБДІР

Турнирге өнер мен мәдениет саласының майталмандары, ғылым мен әдебиеттің өкілдері, сондай-ақ бұған дейінгі жарыстарда топ жарып жүрген тәжірибелі тастаяқшылар келді. Алайда олар ойын үшін ғана емес, Нұртілеу ағамыздың рухына тағзым ету, оның жарқын бейнесін еске алу мақсатында бас қосты.

Іс-шараның шырайын Нұртілеу Иманғалиұлының аяулы жары Қарлығаш Табылдинова апамыз Алматыдан арнайы келіп ашты. Ол кісі қатысушыларға ақ тілегін арнап, жарысқа сәттілік тіледі. Ұйымдастырушылар тарапынан құрмет көрсетіліп, арнайы сый-сияпат табысталды. Сонымен қатар қазақтың біртуар азаматының рухына арнап құран бағышталып, ас берілді. Дәстүрлі турнирдің негізгі ұйымдастырушысы – Нұртілеу ағамыздың төл шәкірті, Батыс Қазақстан облысы әкімі аппаратының басшысы Нұрділдә Ораз. Ал жарыстың бас демеушісі – елге белгілі меценат Дулат Тастекеев.

Жарыс таңғы сағат 9-да басталып, түнгі 10-ға дейін жалғасты. Шар үстеліндегі ойын өте тартысты өтті, әр партия жеке бір хикая. Әр соққы есеппен, әр қадам сабырмен жасалып, тастаяқшылар арасындағы бәсеке баппен қызды. Тыныштықты тек шарлардың бір-біріне соғылған сыңғыры мен жанкүйерлердің іштен тынып отырған демі ғана бұзғандай. Кей сәттерде ойын тағдыры бір ғана дәл соққыға тіреліп, көрерменді ерекше толқынысқа бөледі. Қапы кеткен бір соққы қарсыласқа мүмкіндік сыйласа, мінсіз орындалған комбинациялар нағыз шеберліктің үлгісін көрсетті. Осылайша, 50-ге жуық бильярдшы бақ сынаған бәсекеде I орынды журналист, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Жанарбек Әшімжан иеленді. II орын алаштанушы-ғалым, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры Қайрат Сақтың еншісіне бұйырды. Ал III орынды 78 жастағы ардагер ойыншы Бораш Жарылқағанов қанжығасына байлады. IV орын журналист Ербол Ерденбекке бұйырды. Бұдан бөлек, жарыс барысында бірқатар қатысушы арнайы номинациялармен марапатталып, бағалы сыйлықтарға ие болды.

ЖҮГІРУ МАУСЫМЫ БАСТАЛДЫ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

«Заң мен тәртіп» қағидаты, «Таза Қазақстан» экология акциясы аясында Астанамызда «Esil run» жазғы жүгіру маусымының салтанатты ашылуы өтті. Оған шаһар тұрғындары мен қонақтары белсенді қатысты.



1500-ге жуық қатысушы жүгіруді Ботаникалық саябақтан бастап, 4 шақырым қашықтықты бағындырды. Жарыс бұқаралық спортты дамытуға және тұрғындарды салауатты өмір салтына баулуға бағытталды.

– Ауа райы салқын болғанмен, көңіл күйіміз өте жақсы! Қаншама әуесқой спортшы жиналды. Мұндай марафондарға жылына бірнеше рет қатысамын. Биыл қатысу тегін. Салауатты өмір салтын ұстанатын барлық қатысушыға және жеңімпазға алғыс айтамын! – дейді жарысқа қатысушы Салтанат Мейрамқызы.

Спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу дирекциясы басшысының орынбасары Ержігіт Әсербайдың айтуынша, жарысқа қатысқан барлық қатысушыға естелік медальдар табысталып, бағалы сыйлықтар ойнатылды.

Айта кетейік, «Esil run» жобасы Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен, қалалық Дене шынықтыру және спорт басқармасы, Есіл ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен өтті. Іс-шара барысында қауіпсіздік шаралары толық сақталып, жедел жәрдем қызметі мен тәртіп сақшылары кезекшілік атқарды.



Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 43
Баспахана: Астана қаласы,
Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

ASTANA AQSHAMY